

ӨОЖ: 654.197

Ж.А. Кенжеғалиева

Новосибирск мемлекеттік университеті, Ресей, Новосибирск қ.

E-mail: zhuldyz91@gmail.com

Теледидардың білім беру функциясының мүмкіншіліктері

Мақалада теледидардың білім беру функциясының мүмкіншіліктері қарастырылған. Және де осы мүмкіншіліктерді барынша тиімді іске асырып, сапалы білім телеарналарын ашу мәселесі көтерілді. Аталмыш функцияға қатысты зерттеушілердің пікірлері талданып, өзіндік қорытынды жасалды. Еліміздегі білім беру телебағдарламаларының кемшіліктері анықталды. Зерттеушілердің жүргізген ғылыми тәжірибелерін негізге ала отырып, теледидардың басқа бұқаралық ақпарат құралдарынан артықшылықтарын көрсетуге тырыстық. Бұл өз алдына, елімізде сапалы білім арналарын ашу маңызды деген қорытындыға келуге себеп болды.

Түйін сөздер: теледидардың білім беру функциясы, білім беру телебағдарламалары, білім беру телеарналары.

ZH. Kenzhegalieva

The abilities of educational function of television

This article is about abilities of educational function of television. In this article was considered the problem of making good educational channels by using all abilities of television correctly. Also were analyzed works of scientists relatively to the mentioned function and was done respective conclusion. Then were determined deficiencies of educational television programs in our country. Taking as a basis the results of scientific experiments of investigators, we tried to show the advantages of television compare with other Mass Media. This In turn gives us ability to make the conclusion that it is very important to open new qualitative educational channels in our country.

Key words: educational function of television, educational television programs, educational channels.

Ж.А. Кенжеғалиева

Возможности образовательной функции телевидения

В статье рассмотрены возможности образовательной функции телевидения. Также поднят вопрос о создании качественных образовательных телеканалов посредством правильного использования всех возможностей телевидения. Были анализированы труды исследователей относительно данной функции и сделан соответствующий вывод. Определены недостатки образовательных телепрограмм в стране. Основываясь на результатах научных опытов исследователей, мы попытались показать привилегии телевидения среди других средств массовой информации. Это, в свою очередь, дает нам сделать заключение, что очень важно открыть качественные образовательные телеканалы в стране.

Ключевые слова: образовательная функция телевидения, образовательные телепрограммы, образовательные телеканалы.

Қазіргі қоғамдағы адамның жарқын болашағы білім және ағартушылықпен тікелей байланысты болып отыр. Осыған орай, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) да қызметтерінің біріне кіретін білім беру және ағартушылық бағытқа ерекше зер салып, осы саланың дамуына атсалысуы тиіс. Әсіресе БАҚ-тағы теледидардың білім беру функциясының маңыздылығын бағалай

білмесек, бұл еліміздің ғылыми бағытта дамуына және алға ілгерілеуіне үлкен тежеу болмақ.

«Білім қымбат, білу қиын» деп халқымыз бекерден айтпаған. Осы орайда, теледидардың білім беру үрдісіне елеулі үлес қосуына бет бұру барлық елдерде алдыңғы мақсаттардың біріне айналууда. Жиырмасыншы ғасырдың аяғында бүкіл әлемде оқыту және білім беру телеарна-

ларын дамыту үрдісі басталды. Мысалы, бір ғана Жапонияның өзінде 35 білім беру телеарналары болды. Бұл мемлекетте білім беру және оқыту бағдарламалары теледидардың негізгі бағыттарының біріне айналған. Ал АҚШ-та 500-ден астам оқыту, білім беру телебағдарламалары негізгі арналарда беріліп тұрады. Сонымен қатар АҚШ-тағы мұндай бағдарламаларға мемлекеттің барлық университеттері, тіпті, ұлттық әуе-ғарыш агенттігі де белсене атсалысып отырады.

Әлем бойынша білім беру – оқыту бағдарламаларын құру жұмысына ірі ғылыми, білім және мәдениет орталықтары, кітапханалар мен мұражайлар да қосылған. Білім беру бағдарламаларын шығарумен BBC, Rai1, Rai2, RBC, Discovery сынды танымал компаниялар да шұғылданады. Мұның бәрі теледидардың ең басты әрі қолжетімді ақпарат көзі екендігін дәлелдей түседі. Әлеуметтік зерттеулердің мәліметі бойынша, оқушылар көгілдір экран алдында күн сайын 4-7 сағатын жұмсайтыны анықталды. Бұл өскелең ұрпақтың өмірлік ұстанымдарын теледидардың да қалыптастырып жатқандығын көрсетеді. Осы себепті, қоғамдағы теледидардың білім беру функциясын дамытудың маңыздылығын ескере отырып, тақырыптың өзектілігіне көз жеткіземіз [1].

Теледидар функцияларына қатысты әдебиеттерді сараптай келе, отандық білім беру функциясына байланысты аз да болса зерттеу жұмыстарының жүргізілгендігін байқауға болады. Бұл салада көбіне кеңестік ғалымдар зор еңбектенген. Дегенмен қазақ зерттеушілері арасынан да білім беру функциясына қатысты мәліметтер таба алғандығымыз осы саланың бізде де айтарлықтай кенже қалып қоймағандығын байқатады. Олар оқыту теледидарына қатысты құнды мәліметтер жинап қана қоймай, біз қызықтыратын тақырыпқа байланысты жеке тұжырымдамалар мен сараптамалық қорытындыларын жасаған. Осылайша, олар бүгінгі жас ұрпаққа кеңестік кезеңнен бастау алған білім беру функциясын әрі қарай зерттеу үшін нақтылы деректерге негізделген ғылыми база қалыптастырды.

Теледидардың негізгі функцияларын талдаған көптеген зерттеушілер өз кітаптарында мәдени-ағартушылық және білім беруді бөлек функциялар ретінде қарастырады. Тіпті, В. Цвик «Телевизионная журналистика: История, теория, практика» атты

оқулығында тележурналистиканың мәдени-ағартушылық функциясы мен білім беру функциясын біріктірмей, шатыстырмай, ажырата білген маңызды деп көрсеткен. Дегенмен журналистикаға қатысты кітаптар мен оқулықтарды ақтарып, зейін салып қарасаңыз, журналистиканың білім беру функциясын әр жерде әрқалай бөліп қарастырғанын байқауға болады. Мысалы, Е. Ахмадулиннің «Краткий курс теории журналистики» атты оқулығында журналистиканың білім беру және мәдени функциялары төмендегідей түрлерге бөлінген:

Мәдениетті қалыптастырушы функция – шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру, мәдени-рухани құндылықтарды қоғамға кеңінен тарату арқылы адамның ішкі дүниесін рухани тұрғыдан байыту. Бұл функция ішінара тәрбиелеуші функциясын да біріктірген.

Рекреациялық функция – адамның ішкі дүниесін тыныштандыру, демалдыру мақсатында қолданылады.

Танымдық-білім беру функциясы. Бұған білім беру және ғылыми-қоғамдық бағдарламаларды жатқызамыз.

Ал Дмитрий Божедаров өзінің «Средства массовой коммуникации в современной образовательной системе» атты диссертациясында теледидар функциясына қатысты былай деген: «Біздің көзқарасымыз бойынша, теледидар әртүрлі деңгейде төмендегідей білім беру функцияларын атқарады: біріншіден, балалар мен жас өспірімдерге қатысты тәрбиелік; екіншіден, университеттер және мектеп бағдарламаларын ескере отырып құрылатын оқыту-педагогикалық; үшіншіден, ересек аудиторияға арналған ағартушылық білім беру.

Сонымен қатар Сунь Синьшэн өз диссертациясында: «Білім беру теледидарының негізгі функциясы аты айтып тұрғандай оқыту немесе білім беру, теледидардың көмегімен тарихтан бастап, астрономияға дейін білімін молайтуға мүмкіндік беру», – деп көрсеткен. Сунь Синьшэннің пікірі бойынша, білім беру теледидары төрт негізгі функцияны орындайды. Олар: ғылыми білімдерді тарату (білім беру); мәдени мұраны насихаттау (тәрбиелік); білім беретін ақпаратпен қамтамасыз ету (ақпараттық); білімге деген көзқарасты дамыту (ұйымдастырушылық).

Аталмыш зерттеушілер керісінше мәдени-ағартушылықты теледидардың білім беру

қызметтерінің біріне кіріктірген. Және де мәдени-ағартушылықтың негізгі мақсаты тәрбие беру екендігі белгілі.

«Тәрбие беру де, білім беру де ажыратылмайды, – деп Л. Толстой ерекше атап өткен. Білім бермей тәрбие беруге болмайды, ал кезкелген білімнің тәрбиелеуші әсері бар». Демек, теледидардың білім беру функциясын мәдени-ағартушылық функциядан ажыратып қарастыруға тырысқаннан гөрі, білім беру теледидары функциясының қызметтерін жік-жікке бөліп талдап шыққан әлдеқайда дұрыс деген тоқтамға келуге болады.

Теледидар бүкіл қоғамға білім беруі тиіс. Ол мектеп оқушыларымен қатар басқа да аудиторияларды қамтиды. Ғылыми білімдермен қатар қоғамдық, тұрмыстық білімді де таратады. Білім беру теледидарын тек оқытуға бағытталған мектептің деңгейіндегі білімді таратушы деп қабылдау оның әсер ету кеңістігін, тақырыптық аясын тарылтады.

Білім беру теледидарындағы бағдарламалардың арқасында ағартушылықтың әсер ету кеңістігі молайып, уақыт тұрғысынан шектелуі жойылды: үйде, жұмыста, әлемнің кез келген алыс түпкірінде де білім алуға мүмкіндік туды. Бұрындары мектеп қабырғасымен шектелетін білім теледидардың көмегімен әлдеқайда үлкен кеңістікке шығуда.

Білім беру теледидарының маңызды функцияларының бірі – көрерменге қажет ақпаратты жеткізу. Ақпарат адамның күнделікті өмірінде күннен-күнге маңызды орынды иеленуде. Сол себепті көптеген телекөрермендер өзін қызықтыратын сала бойынша тың ақпаратқа назар аударып отырғанды жөн көреді (денсаулық саласына қатысты жаңалықтар, қаржы, технология мәселесіне қатысты жаңалықтар, т.т.).

Оқыту телебағдарламалары – мектеп және жоғарғы оқу орныдарының оқыту бағдарламасына кіретін белгілі бір ғылыми пәннің көрнекі оқулығы іспеттес. Мұндай телебағдарламалардың жас ерекшелігіне қарай өз аудиториясы нақтыланылады. Оқыту фильмдерінің ғылыми-танымал және деректі фильмдермен салыстырғанда мақсатты аудиториясы болады. Ал білім беру телебағдарламаларының мақсаты – көрермендердің білім деңгейін жоғарылату. Мұндай бағдарламалардың тақырып аясы кең. Ол көрермендерге мәдениет, ғылым, өнер,

қоғамдық өмір туралы белгілі бір ретпен мәліметтер береді.

Ғылыми-танымал теледидар болса, көрермендерге ғылым және техникада болып жатқан маңызды жаңалықтар жайлы ақпарат беруді, ғылыми жетістіктерді насихаттауды, жаңа ғылыми идеялармен бағыттарға қолдау көрсетуді, көрерменнің эстетикалық талғамын қалыптастыруды (музыка, әдебиет, театр, сурет, т.б.) мақсат тұтады. Бір сөзбен айтқанда, көрерменнің ғылыми көзқарасын қалыптастырады.

Оқыту теледидарының функциясы тек білім беру болып табылса, ғылыми-танымал бағдарламалардың функциясына, сонымен қатар рекреациялық функция да кіреді.

Ғылыми-танымал бағдарламаларға тән жанрлар: репортаж, журнал, әңгіме және деректі фильм.

Теледидардың мәдени-ағартушылық қызметінде журналист мәдени ақпаратты ғылыми тұрғыдан ғана емес шығармашылық тұрғыдан да толықтырып, эстетика мен эмоция элементтерін қосып жеткізуге тырысады.

Ғылыми-танымал бағдарламаларды белгілі бір сала бойынша бастапқы білім дәрежесі бар, мақсатты аудиторияға бағытталған оқыту және білім беру бағдарламаларынан ажырата білу керек.

Оқу телебағдарламалары ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бір түрі ретінде оқу теледидарының дамуымен тығыз байланысты.

Оқыту теледидарының оқулықтардан артықшылығы – оның эмпирикалылығы. Яғни тек теориямен шектелмей, тәжірибе жүргізіп, көрнекі түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Мектептерге арналған теледидардың мақсаты дәстүрлі білім беру жүйесін жою емес. Оқыту теледидары мұғалімнің орнын баспайды, керісінше оған көмекке шығады. Ешбір БАҚ-тың дамуы оқушы мен оқытушы арасындағы көзбе-көз байланысты алмастыра алмайды. Сол себепті, білім беру теледидары мұғалімді ауыстыруы, оған «телеконкурент» ойлап шығаруы мүмкін деген жаңсақ пікір, ол тек мұғалім жұмысының тиімділігін арттырады.

Ағартушылық теледидарының міндеті – заманауи және классикалық өнер мен мәдениет туралы телевизиялық энциклопедиялар шығарып, көрерменді осы салаға тарту. Сонымен қатар

ағартушылық бағыттағы бағдарламалардың өз талаптары бар:

Біріншіден, бағдарлама белгілі бір саланың білікті мамандары қатыстырылған, жаңа мәліметтер мен ғылыми білім қоры бар маңызды бағдарлама болуы тиіс;

Екіншіден, бағдарлама өнер туындысына ұқсатылып жасалынуы тиіс және өз драматургиясы болуы керек.

Үшіншіден белгілі бір білімнің жүйесі ретінде әр бөлімі логикалық реттілікпен құрылуы тиіс.

Теледидардағы ағартушылық түрлі жанрларды пайдаланады. Мысалы: мұражай не зертханалардан репортаж, ғалымдар мен мәдениет адамдарынан сұхбат, алу, т.т. Мұражайдың ішінде, көрмелерде, атақты жерлерде жүргізілген теле-экскурсиялар миллиондаған адамдарға елдің рухани және материалдық мәдениеті, тарихи мұраларымен көзбе-көз танысуға мүмкіндік береді.

Сахналау арқылы тарих беттеріндегі адам бейнелерін, соғыс сәттерін шындыққа лайықтап құру да көрнекілік береді.

Қазақстан телеарнасындағы білім беру бағдарламаларының дамуын, тарихын талдай отырып, оқыту бағдарламаларының саны күннен-күнге азайып келетініне көз жеткізуге болады. Бақылап қарасақ, көптеген елдердің арналарында білім беру бағдарламаларын рекреациялық қызмет атқаратын білім беру бағдарламаларының әлдеқайда жеңіл, үстіртін жасалатын түрі күннен-күнге ығыстыруда.

Мысалға алатын болсақ, «Деньги в дом», «Такси», «Миллион кімге бұйырады?», «40 миллион», ресейлік «Слабое звено», «Русская рулетка», «Народ против», «Интуиция», 2010 жылы теледидарды жаулап алған «Планета сокровищ» және «Call-tv» сынды теле сайыстар, т.т. тізе берсең таусылмайтын білім беру бағдарламасына ұқсатылған, бірақ та негізгі мақсаты рейтинг жинау, ақша табу болып табылатын бағдарламалар экран уақытын алуда.

«Деньги в дом», «Такси», «Миллион кімге бұйырады?», «40 миллион» – бұл бағдарламалардың көрермендер дүниетанымын кеңейтуде мүлдем үлесі жоқ деуден аулақпыз. Десек те, бағдарлама атауларында «миллион», «деньги» сөздерінің болуы көрермендерді білімге емес ақша табуға шақырып тұрғандай. Бір сөзбен айтқанда, «Шексіз білім кімге бұйырадының»

орнына «миллион кімге бұйырады?» деп көрермендерді тарту мақсатын алға қойған. Және «Интуиция», «Русская рулетка» сынды бағдарламалардың мақсаты көрермендерді көбірек жинау екендігі де құпия емес. Бұлардың қасында нағыз білім беруді көздейтін бағдарлама деп Франция мен Қазақстан жастары арасында телекөпір ұйымдастырып, ұтымды әрі салмақты сұрақтар арқылы топтарды сайыстыратын «Интеллектуальные олимпиады» бағдарламасын атап өтуге болады. Бағдарлама өте сауатты жасалған әрі жастардың логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Ал «Планета сокровищ», «Call-tv» бағдарламалары халыққа еш пайдасы жоқ, тонауға бағытталған, ақша қуу жолында шектен шыққан бағдарламалар дер едік. Бұл бағдарламалар көрермендерге кішкентай баланың өзі білетін сөзді жасырып, жауабын ақылы қоңырау арқылы беруге шақырады. Оныншы болып хабарласқандарға ғана жауабын айтуға мүмкіндік бар деген желеумен сеніп қалған көрермендердің қоңырауларынан қыруар ақша жинап алады. Ал эфирге оныншы болып хабарласып отырғандардың адамды таңғалдырарлық ақылға сыймайтын қате жауаптарды ғана беруі, бағдарлама желісі тек өтіріктен құралғанын дәлелдей түседі. Өкінішке қарай, көптеген жасы келген және кішкентай көрермендеріміз бұл алдаудың қармағына түсіп, қомақты ақшаларынан айырылып қалып отырған. Халық наразы болуының арқасында мұндай бағдарламалардың ғұмыры ұзақ болмады. Бірақ эфирге шыққан қысқа мерзімнің өзінде талай адамдардың соңғы тиынын сыпырып кеткендігі теледидардың жақсы жаққа халықты шоғырландыру қасиетімен қоса, оның кем тұсының, яғни осындай қара ниетті дүниелердің де әсерін екі есе күшейтетіндігінің жарқын көрінісі. Сол себепті теледидар эфиріндегі бағдарламалардың сапасына, мақсатына зор мән беру керек. Әсіресе телеойындар мен телесайыстардың алғаш пайда болғандағы мақсаты ойын арқылы көрермендерге білімді қабылдауды жеңілдету екендігін ұмытпаған жөн.

Теледидар мен мектеп арасындағы қарым-қатынас шым-шытырыққа толы. Көгілдір экран оқушының ғылым саласында дүниетанымын кеңейтуге үлес қосумен қатар, қажетсіз, тіпті, санасын улайтын ақпараттармен де қанықтырып жатыр. Мысалы, «Интеллектуальные олимпиа-

ды» бағдарламасын көрген бір оқушы тарих сынды кей салада мұғалім естімеген тың ақпаратты қабылдап келсе, келесі бір оқушы «Наруто», «Бакуган» іспеттес шындыққа жанаспайтын, қатыгездікке баулитын мультфильмдермен санасын толтырып келуі мүмкін. Бір оқушы «Алпамыс мектепке барады» немесе «Менің атым Қожа» фильмдеріндегі кейіпкерге еліктеп жүрсе, бір оқушы «Чаудер», «Спанч Боб» сынды мультфильмдердегі ақымақ кейіпкерлерге еліктеп жүруі мүмкін.

«Алпамыс мектепке барады» фильмін қойған – Абдолла Қарсақбаев. Ол – ВГИК-тің режиссерлік факультетінің түлегі. «Қазақ-фильмде» «Менің атым Қожа», «Қилы кезең», «Балалық шаққа саяхат» және тағы басқа фильмдерін түсірген.

«Менің атым Қожа» фильмінде Том Сойерді елестететін ауылдың тентек те пысық баласының әрекет-қимылдары көрінген. Кино зерттеуші Қабыш Сиранов өзінің кітабында бұл фильмге жақсы талдау жасап, жоғары баға берген.

Бала деген – сәмбі тал, жел қалай соқса солай қарай майысады деп халқымыз бекерден айтпаған. Өскелең ұрпақтың өмірлік ұстанымдарына, ой-санасына, рухани дүниесіне теледидар тікелей әсер ететіндігіне әр уақытта көз жеткізе аламыз.

Аристотельдің «Метафизика» атты еңбегінде былай делінген: «Барлық адамдар табиғатынан білімге құштар. Сезіп білу арқылы жаңа мәліметтерді қабылдауға талпыну оған дәлел бола алады. Әсіресе көру қабілетіне біз басқа сезу қабілеттерімізбен салыстырғанда көбірек мән береміз. Себебі көре білудің басқа сезімдерден біздің танымымызға зор әсер ете білетін өз артықшылықтары бар».

Көру қабілетінің адамзат өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығын одан кейінгі зерттеулерден де байқай аламыз.

1933 жылы Дж. Гибсон классикаға айналған тәжірибе жүргізді. Бұл тәжірибе көре білудің басқа қабілеттерден алдыңғы қатарда екендігін дәлелдей түседі. Ол тәжірибеге қатысушылардың көзіне түзу затты қисық етіп көрсететін линза кигізіп, қолдарына түзу сызғыш ұстатқан. Тәжірибеге қатысушылар сызғышты қолында ұстап тұрғанына қарамастан, көргендеріне сеніп,

сызғыштың қисық екендігін растаған. Көздерін жұмып ұстатып сұрағанда сызғыш түзу деген жауап қайтарса, линзамен қаратып сұрағанда сызғыш оларға қисық болып көрінгенімен қоймай, қисық болып сезілгендігі байқалған.

Кейінірек Т. Бауэр өз зерттеулерінде сәбилер өмірінің алғашқы айларынан бастап-ақ көру бейнелерін қабылдап қана қоймай, есте сақтайтындығын да дәлелдеген.

Оқытудың түрлі әдістерін сомдаған зерттеушілердің көпшілігі оқу үдерісі барысында қабылданатын ақпараттың 90 пайызға жуығын адам көру қабілетінің көмегімен алады деп санайды. Дж.Брунер мен Ж.Пиаже еңбектерінде осы мәселе негізге алына отырып, нәрестенің алғашқы өмір жылдарындағы танымы интеллектуалды мүмкіндіктерінің өсуінде маңызды рөл атқаратынын атап өткен.

Бұл зерттеулердің нәтижелері теледидар үстемдік еткен дәуірде, әсіресе зор мәнге ие. Жаңа заманның балалары теледидарды 2 жастан бастап-ақ тамашалауға кіріседі, бұл көгілдір экранның да бала үшін өзіндік тың әлемге жетелейтін өмір айнасына айналатынын байқатады. П. Уитти зерттеулерінде келесі мәліметтерді келтіреді: бастауыш мектептің оқушылары теледидарды аптасына 15-75 сағат көрсе, жасөспірімдер шамамен 25, ал жоғарғы сынып оқушылары – 12-14 сағат тамашалайды [2].

Қорыта келе, Қазақстандағы оқушылар аудиториясынан ауқымды сауалнама жүргізе отырып, сұранысқа лайық білім беру арналарын ашу қажет деген тұжырымға келуге болады. Және де асығыс, жоспарсыз аша салмай, бұл үдеріске үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Арнаны ашпас бұрын алдын ала барлық жағдайларды қарастырып, соңғы үтір-нүктесіне дейін сараланаған сапалы бағдарламалар ұсына алатындай дәрежеге жеткізу керек. Көптеген елдер білім, мәдениет арналарын ашу жолында белсенді талқылаулар, кешенді дайындықтар мен жоспарлы жұмыстар жүргізген. Және қазіргі кезде соның жемісін көруде. Шыны керек, ID-TV, Алма-TV-ге қосылған біздің жастар көбіне Discovery, Science, Nature арналарын тамашалайды. Егер халқымыз жұмыла жұмыс атқарып, осындай бір арна ашса, жастарымыз шетелдік арналарды емес, өз арналарын сүйсіне қарайтын күн де туады.

Әдебиеттер

- 1 Лапина И.Ю. Основные тенденции функционирования научно-популярного телевидения: Диссертация. – Москва, 2005. – 22.
- 2 Собкин В.С. Временный научно-исследовательский коллектив «Школа». «Телевидение и школа: опыт социокультурного и психолого-педагогического анализа: Сборник научных трудов. – М., 1989. – С. 126-127.

References

- 1 Lapina Y. YU. "Osnovnie tendentsiy funktsionirovaniya nauchno-populyarnogo televideniya". Dissertatsia. Moskva, 2005. – 22.
- 2 Sobkin V. S., vremenny nauchno-issledovatel'skiy kollektiv "Shkola". "Televidenie i shkola: opyt sotsiokulturnogo i psikhologo-pedagogicheskogo analiza". Sbornik nauchnykh trudov. Moskva, 1989. – S. 126-127.